

**Конкурс жариялау**  
**Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық**  
**жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік**  
**коммуналдық кәсіпорнындағы бос лауазымдары**

**1. Дефектолог-1 (0,5 ставка)**

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 32, телефон нөмірі: 8-701-348-23-05, gordetbol2@mail.ru, индекс-160013

***Құжаттарды қабылдау мерзімі:***

2023 жылғы 18 қыркүйкке дейін қоса алғанда

***Орташа лауазымдық жалақы:***

77 175 теңге – 89 993 теңге

***Қажетті құжаттар тізімі:***

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды:

- 1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке тұру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады.

### ***Жалпы біліктілік талаптары:***

Дефектолог лауазымына тиісті мамандық бойынша жоғары білімі бар маман тағайындалады.

### ***Мынадай құзыреттердің бар болуы:***

стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару.

### ***Функционалдық міндеттері:***

Дефектолог өз тобында балаларға тәрбиелік мәні бар шаралардың жүзеге асырылуына.

Балалардың жағдайларын ескере отырып белгіленген күн тәртібінің кестесін өзгертуге дәрігерге және бөлім меңгерушісіне ұсыныс беріп отыруға.

Бекітілген жоспар бойынша сабақ өткізіп, балалардың көңіл-күйінің сергектігіне ықпал жасау іс-шараларын ұйымдастырып отыруға.

Балалармен сабақ өткізу барысында мінез-құлқын бақылауға.

Сабақ барысында баланың хал-ахуалында өзгеріс байқаған жағдайда дереу аға медбикені, емдеуші дәрігерді және бөлім меңгерушісін хабардар етуге.

Балалардың күн тәртібін, олардың тапсырмаларды орындауын, бос уақытында қосымша жарыстар ұйымдастыруға.

Өзінің біліктілігін жүйелі түрде арттыруға, әдістемелік бірлестіктер мен басқа әдістемелік жұмыстарға қатысуға.

Қажет болған жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге.

Оқу бөлмесін құралдандыру мен жабдықтау талаптарын білуге.

### ***Білуі тиіс:***

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының [Кодексі](#) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының [Кодексі](#), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#), «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 [бұйрығы](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген);

Дефектолог медицина саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамаларын, өз қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды, орталықтың ішкі тәртіп ережелерін, тіл мүкісі бар балаларды емдеуде дефектология технологиясының негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауыпсіздігі және өрт қауыпсіздігі ережелерін білуі тиіс.

### ***Әңгімелесуді өткізу орны:***

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 32, мәжіліс залы

***Әңгімелесу күні:***

Ол қатысушының жеке парағында көрсетілген телефон нөміріне хабарланады.